

ЖШС «Нұр-Тілек балабақшасы»

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша
іс-шаралар жұмыс жоспары

Тақырыбы

«Отбасы-бақыт мекені» тәрбиелік-танымдық сағаты.

Балабақша топ ата-аналарымен

Өткізген: Қоқашова Г.К

2022-2023 оқу жылы

Мекендегі
Балас

Тақырыбы: «Отбасы-бақыт мекені» ата-аналар сайысы
Мақсаты: Ата – аналар арасында жағымды қарым – қатынас орнату, сыйластықты арттыру, отбасында балаға жақсы тәрбие беруіне ықпал жасау. Балабақша қызметкерлерімен ата-аналардың арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Ата-аналардың балабақша өміріне белсенді қатысуға баулу. Міндеттері: Балабақша қызметкерлеріне және ата-аналарына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

Құрметті ата-аналар бүгінгі «Отбасы-бақыт мекені» атты сайысымызға қош келдіңіздер!

Жеңімпаз болу оңай ма,
Арман болған талайға?
Болмасаң да ұқсап бақ
Жарысқа түсіп қалайда –деп ата-аналарымызды орта шақырайық:

-«Балбөбек» тобының ата аналары Баймен Лариса, Құрманбекова Гүлден,
Сұлтанова Нұргүл

-«Айгөлек» тобының ата аналары Шойғарина Айсәуле, Еркінқызы Шынар,
Тілесова Гүлден

-«Бәйтерек» тобының ата аналары Хасен Айбол, Кетебаева Жанар,
Боранова Жазира

Отбасы – Отанымыздың ошағы.

Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта.

«Отбасы – табиғат сыйлаған кереметтердің бірі»

Отбасы – адам баласының алтын дінгегі.

Отбасы – адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі.

Ата-ана – отбасының негізгі дінгегі, бастапқы дәнекері.

Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы.

«Отан отбасынан басталады»

Сайысымызды бастайық. Сайыс 4 кезеңнен тұрады. Әрбір дұрыс жауап берген сұрақтар мен тапсырмаларға алтын монеталар беріледі. Сайыс соңынан жиналған монеталар арқылы жеңімпаз топ анықталады. Ендеше сайысымызды бастайық!

1-кезең. Мақал-мәтелдер сайысы.

Ата аналарға 3 түсті шар берілген осы шарларды ауа толтырып үріп, жарылған шар ішінен аяқталмаған мақал мәтелдерді 1 мин ішінде аяқтау.

1) Балалы үй базар,
Баласыз үй қу мазар.

2) Ананың сүті — бал, баланың тілі — бал.

3) Жақсы бала әкесінің басын төрге сүйрейді,
Жаман бала әкесінің төрдегі басын есікке сүйрейді.

4) Ұлга отыз үйден тыю,
Қызға қырық үйден тыю.

5) Әкені көріп ұл өсер,
Шешені көріп қыз өсер.

6) Ананың ізін қыз басар,
Атаның ізін ұл басар.

7) Балапан ұяда не көрсе,
Ұшқанда соны алады.

8) Балаға байқап сөйлесең,
Ақылыңа көнер,
Байқамай шайқап сөйлесең,
Көрсетер бір «өнер».

9) Ата — асқар тау, ана — бауырындағы бұлақ,
бала — жағасындағы құрақ.

2-кезең Ребус шешу.

Бұл кезеңді ата-аналар экранда берілген суреттер тізбегі арқылы отбасыға қатысы бар ребустарды шешу керек.

1. Денсаулық
2. Отбасы
3. Бала
4. Татулық
5. Әже мен Ата
6. Шаңырақ
7. Бақытты
8. Әке мен Ана
9. Ағайын

3-кезең Сөзжұмбақ.

Топтағы ата-аналарға 3 жасырын парақты таңдап алып, сол парақтағы сөзге сөзжұмбақ құрау.

1. Отбасы
2. Бауырлар
3. Татулық

4-кезең Шебер қолдар.

Бұл кезеңде ата-аналар түрлі қалдық заттардан баланың дене бітіміне, ойлау қабілетін арттыратын түрлі заттарды 10 минут арасында әзерлеу. Жасалған бұйымды таныстырып, қорғау.

(Сайыс қортындысы дайын болғанша балабақшамыздың психологы Дузбаева Тұрсынай Серболатқызының «Мәуелі ағаш» тренингіне кезек береміз)

Сайысымызды қортындылай келе келесі сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі Бекмурзина Гульнара Жақсылыққызына береміз. *(марапаттап сыйлықтар табыстау).*

Біз бүгін өзімізге ең жақын, ең қымбат анамыз, қамқор әкеміз, қайырымды ата - әжеміз, аға - әпкеміз, іні - қарындасымыз туралы айттық. Отбасы – ол ең жақын адамдардың ошағы. Әрқашан отбасы мүшелерін сыйлап, құрметтеу керек. Бәріміздің отбасымыз берік, бауырымыз бүтін болсын. Отбасы мүшелері аман – сау болсын! Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет!

